



**БЕКІТЕМІН**

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КеАҚ  
Басқарма Торағасы – Ректоры м.а.  
Е.Ж. Сармурзин

2024 ж. «14» 10

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ САЯСАТЫ

Қарағанды, 2024ж.

## 1. Жалпы ережелер

1. «Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам немесе Университет) орнықты инвестициялау саясаты (бұдан әрі – Саясат) құндылықтарды ұзақ мерзімді құруға, білім беру бағдарламаларының орнықтылығы мен дамуын қолдауға бағдарланған.

2. Университеттің орнықты инвестициялау саясаты ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге және оның миссиясы мен мақсаттарын сәтті орындауға бағытталған.

3. Саясат 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-6 ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Экология Кодексіне», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 пілдедегі № 482 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына», Қазақстан Комитеті Төрағасының 28.05.2020 ж. №328 бұйрығымен бекітілген Жарғыға, «Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес әзірленді.

4. Осы Саясат Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

5. Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**Орнықты даму** – бұл ресурстарды пайдалану моделі, адамдар мен табиғат арасындағы өзара іс-қимыл моделі, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтаумен, жеке және қоғамдық денсаулықты нығайтумен қатар және болашақ ұрпақтың мұндай мүмкіндігімен айырысыз қазіргі ұрпақтың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қол жеткізілетін инновациялар базасындағы білім беруді дамыту моделі.

**Орнықты инвестициялау** – бұл қаржылық пайданы қамтамасыз етін қана қоймай, сондай-ақ әлеуметтік, экологиялық және корпоративтік аспектілерді ескеретін жобаларға немесе активтерге капиталды бағыттау тұжырымдамасы.

**Университетті орнықты инвестициялау** – бұл тұрақты кірісті ғана емес, сонымен қатар білім берудегі әлеуметтік инвестициялар, экологиялық жауапты инвестициялар, әлеуметтік бағдарламалар және қоғамға инвестициялар, Университеттегі дербес ресурстарды басқару тәрізді бірнеше негізгі аспектілерді қамтитын Университеттің ұзақ мерзімді перспективадағы мақсаттарына сай келуін қамтамасыз ету жолында инвестициялар портфелін құру және қаржыны басқару тұжырымдамасы.

**Инвестициялар** – Университетті дамыту мақсатында табыс табу немесе капиталды сақтау үшін ақпалай қаражат салу.

### **3. Негізгі мақсаттар мен міндеттер**

6. Қоғамды орнықты инвестициялауды қамтамасыз етудің негізгі мақсаты ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу және орнықты даму құндылықтарын ілгерілету болып табылады.

7. Университет кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында, сондай-ақ қоғамдық дамуда болашақ көпбасшыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Университетте орнықты инвестициялауға қол жеткізу кезіндегі негізгі міндеттер:

- 1) білім беру стандарттарының жоғары деңгейін сақтауға, перспективалы оқытушылар мен зерттеушілерді тартуға, сондай-ақ іске асырылатын білім беру бағдарламалары мен қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тұрақты табыс көздері арқылы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- 2) тиісті жобаларға инвестициялар бағыттау арқылы Университеттің экологиялық жауапкершілігін, әлеуметтік әділеттілігін және ашық басқаруын қолдау және дамыту;
- 3) орнықты дамуға, көрмеген орта мәселелеріне және әлеуметтік жауапкершілікке қатысты зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын ілгерілету;
- 4) әлеуметтік жауапты инвестицияларға, әлеуметтік және экологиялық жобаларға мүдделі білім алушылар мен инвесторларды тарту.

### **4. Құрылымдық бөлімшелердің функциялары мен жауапкершілігі**

8. Орнықты инвестициялау саясатының процестерін іске асыру үшін Қоғамның тиісті жарияланған ішкі нормативтік құжаттары негізінде қызметті үйлестіретін құрылымдық бөлімшелер тағайындалады.

9. Саясатты жүзеге асыру мақсатында жауапты тұлғалар Университеттің мақсаттарына қол жеткізуге және оның білім беру ортасындағы ұстанымын нығайтуға ықпал ететін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Операциялық қызметті, зерттеулерді қаржыландыруды, инфрақұрылымды жаңғыртуды және білім беру сапасын қолдауды қамтамасыз ететін тұрақты табыс көздерін іздеуге бағытталған түрлі активтер мен жобаларға Университет қаражатын инвестициялау арқылы қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету;
- 2) Қоғамда Университеттің орнықты дамуын қалыптастыруға ықпал ететін тиісті жобаларға инвестициялар орналастыру арқылы орнықты даму құндылықтарын ілгерілету;
- 3) Орнықты дамудың жақтаушысы ретінде Университеттің әлеуметтік және экологиялық қызметіне дарынды білім алушылар мен оқытушыларды тарту;
- 4) Сыртқы инвесторлардың қосымша инвестицияларын тарту және Университеттің білім беру қоғамдастығындағы ұстанымын нығайту.

## 5. Қорытынды ережелер

10. Осы Саясаттың орындалуын бақылау функциялары Саясатты Қоғам қызметкерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, оның орындалуын және уақтылы өзектендірілуін бақылауды қамтамасыз ететін стратегиялық даму жөніндегі проректорға жүктеледі.

11. Осы Саясатта орнықты инвестициялау саясатын іске асыруға бағытталған бөлімшелердің мақсаттары, міндеттері мен функциялары сипатталған.

12. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Саясатты жаңа редакцияда жасау немесе Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығы негізінде осы Саясатқа қосымшалар түрінде өзгерістер ресімдеу жолымен енгізіледі және Университет қызметкерлері мен қоғамның мүдделі лауазымды тұлғаларының назарына жеткізіледі.

13. Осы Саясат бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Басқарма Төрағасы - Ректор белгілеген тәртіппен оның күші жойылған сәтке дейін қолданылады.

14. Саясат жаңа редакцияда бекітілген жағдайда, осы Саясат заңды күшін жоғалтады.